



Ұлыбританияның сыртқы саясаты: жаңа бағыт және перспективалары

Еуропалық одақтан шығу жағдайында Ұлыбритания ағымдағы жылдың наурыз айында 2030 жылға дейінгі елдің қызметінің негізгі басымдықтары мен бағыттарын айқындайтын, мемлекеттің сыртқы және қорғаныс саясаты жөніндегі «Қорғаныс, дипломатия және халықаралық даму мәселелері жөніндегі кешенді стратегия. Бәсекелестік дәуіріндегі жаһандық Британия» атты жаңа құжатты ұсынды¹. Сыртқы саяси шолу негізінен сыртқы саясатқа өз тәсілдерін әзірлейтін Еуропалық Одақтан тәуелсіз «Жаһандық Британияның» қалыптасуын білдіреді.



ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Біріккен Корольдік үшін басты стратегиялық серіктес, ірі сауда серіктесі, сыртқы инвестор, НАТО шеңберіндегі негізгі одақтас Америка Құрама Штаттары болып қала береді.

ЕО-дан кету жағдайында Ұлыбритания мен АҚШ-тың көптеген бағыттар бойынша дәстүрлі тығыз ынтымақтастығы түбегейлі өзгерістерге шыдаған жоқ. Мұндай үрдіс, сірә, оның ішінде елдердің лаңкестікпен күрес, барлау, экономика, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке төнетін қатерлер, НАТО-ның дамуы сияқты өзара іс-қимыл салалары мен аспектілерінде де сақталып қалатыны анық.

Ұлыбритания мен АҚШ арасында 2020 жылы еркін сауда туралы екі жақты келісім бойынша келіссөздердің бес кезеңі өтті және ресми билік органдарының хабарламаларына сәйкес, та-раптар инвестициялар, цифрлық қызметтер бойынша ілгерілеуге қол жеткізді, бірақ мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігі талаптары мен АҚШ-тың Ұлыбританияның фармацевтикалық өнімдері нарығына қол жетімділігі бойынша келіспеушіліктері сақталуда².

¹ https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/999101/03335-CO-Integrated-Review-Foreward-and-Overview-FINAL-RUSSIAN-WEB-DISPLAYABLE-PDF.pdf

² <https://sgp.fas.org/crs/row/RL33105.pdf>



Ұлыбританияның экономикалық алмасуының, мәдени ара қатынасының, байланыстарының негізгі бөлігі әлі де аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына ортақ мүдделілікпен біріктірілген жиырма жеті көрші мемлекеттердің ең жақын еуропалық серіктестеріне тиесілі.

Біріккен Корольдік үшін НАТО-ға қатысу және ұжымдық қауіпсіздік мүддесінде мемлекетаралық күштерді қолдау басым болып қала береді. Ұлыбритания дәстүрлі, ядролық, гибриді қауіпсіздік қатерлерін (соның ішінде Ресей тарапынан) тежеуде басқа елдермен ынтымақтаса отырып, «НАТО-дағы жетекші еуропалық одақтас» ұстанымын сақтауға тырысады. **Ұлыбритания үкіметі қорғаныс шығындарын Солтүстік Атлант альянсы ұсынған ЖІӨ-нің 2% көрсеткішінен жоғары деңгейде қалдыруға ниетті.**

Сонымен қатар, Біріккен Корольдіктің Еуропалық Одақ-

пен сыртқы саясат және қауіпсіздік саласындағы, әсіресе АҚШ-тың басым рөлі жағдайындағы ынтымақтастығы бұрынғы деңгейде сақталып отыр. Ұлыбритания Еуропадағы оқиғалардың дамуына әсерін едәуір дәрежеде сақтап келеді.

Бұдан басқа, Біріккен Корольдік пен Еуроодақтың орнықты серіктестігінің сақталуына халықаралық күн тәртібі мәселелері бойынша ұстанымдар мен көзқарастардың ұқсастығы, оның ішінде халықаралық тәртіп ережелеріне негізделген сындарлы көпжақтылықты, ашық қоғамдарды, ашық және орнықты

жаһандық экономиканы қолдау ықпал етеді.

Ұлыбритания мен ЕО арасындағы сауда және ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру әлі де «өтпелі кезеңде» тұр, бірақ бастапқы үрдістер, ең алдымен, Ла-Манш арқылы екіжақты сауда көлемінің күрт төмендеуін күтуге болады деп болжауға негіз береді.

Ұлыбританияның Үнді-Тынық мұхиты аймағы (УТА) елдерімен өзара іс-қимылды жандандыруға және тереңдетуге бағытталғаны есте қаларлық жайт. Британ үкіметі өзара тиімді сауда ынтымақтастығын, ортақ қауіпсіздік пен құндылықтарды қолдау мақсатында қарқынды дамып келе жатқан УТА-ны еуропалық серіктес ретінде кеңінен және «аймақта жоғары дәрежеде біріктірілген қатысуы» бар қызметке тартудың маңыздылығын атап өтеді.

Аймақта Британдық истеблишмент үшін басымды болып табылады:

- ең алдымен үш басты держава - Қытай, Үндістан және Жапониямен диалогты нығайту;
- диалог бойынша АСЕАН-мен серіктес болу;
- Транстынық мұхиттық серіктестігі туралы жан-жақты және үдемелі келісімге қосылу.

Британдық мүдделердің «әлемдік экономикалық өсудің қозғаушы күші» ретінде белгіленген Үнді-Тынық мұхиты аймағына жылжуы ең алдымен келесідей түсіндіріледі:

- экономикалық ұмтылыстармен;
- қауіпсіздік мүдделерімен, атап айтқанда, геосаяси бәсекелестіктің күшеюі, ҰТА-да шиеленістің әлеуетті нүктелерінің туындауы жағдайында кеме қатынасы еркіндігін сақтау қажеттілігімен.



ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Қытайға қатысты Ұлыбритания тепе-теңдік саясатын ұстануға ниетті. Бір жағынан, Ұлыбритания қауіпсіздік мәселелерінде қатаң ұстанымды көрсете отырып, «Біріккен Корольдіктің экономикалық қауіпсіздігіне мемлекет деңгейіндегі ең үлкен қауіп» ретінде ҚХР – ды жүйелі сын-қатер ретінде таниды, ал екінші жағынан, державамен «сындарлы экономикалық қатынастарды» нығайтуға, оның ішінде Қытай инвестицияларының көбірек көлемін тартуға ұмтыла отырып, трансұлттық сын-қатерлерге ден қою жөніндегі басты серіктес ретінде Пекинмен «жақсы қарым-қатынастарды» сақтауды басымды деп көрсетеді.

Сонымен қатар, Біріккен Корольдіктің Орталық Азиядағы мүдделері екіжақты сауда байланыстарын және аз дәрежеде – өңірлік өзара іс-қимылды нығайтуға шоғырланған болып қалуда. Брекзиттен кейінгі кезеңде Ұлыбританияның халықаралық сауда департаменті Орталық Азия мемлекеттерінің әрқайсысымен жаңа сауда мәмілелерін жасау бойынша жұмыс жүргізуде. Британия үшін Қазақстан, онымен ынтымақтастықта Британдық истеблишмент үшін экспортты одан әрі ұлғайту бірінші дәрежелі мәнге ие Орталық Азиядағы ірі экономика ретінде өңірдегі басым серіктес болып қала береді. **Борис Джонсонның 2021 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде басқа елдерге көмек көрсету мақсатында бюджеттен қаражат бөлуді шамамен 5 млрд АҚШ доллары көлемінде қысқартуды жариялауы Ұлыбританияның бұрынғы саясаттан кетуін айғақтайды**³. Британ үкіметі басқа елдердің даму саласындағы өздерінің басым жобаларын ықтимал қаржыландыруына қарай дәстүрлі гранттар берудің орнына сараптамалық қызметтер көрсетуге біртіндеп көшуге ниетті.

Жалпы, Ұлыбританияның Қорғаныс доктринасы еуроатланттық көршілік пен ынтымақтастыққа бағытталған болып өзгеріссіз қалады.

Ұлыбритания үкіметі қорғаныс бюджетін 2021-2022 жылдарға 5 млрд АҚШ долларына ұлғайту, қарулы күштерді жаңғыртуға 4 жыл ішінде шамамен 110 млрд АҚШ долларын бөлу және осы мақсатты іске асыруға 10 жылдық кезеңде шамамен 274 млрд АҚШ долларына дейін жұмсау туралы шешім қабылдады.

³ https://static.rusi.org/rusi_pub_281_chalmers_final_web_version_0_0.pdf